

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі

«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
республикалық мамандандырылған
музыкалық орта мектеп-интернаты»

Республикалық мемлекеттік
мекемесі

Республиканское государственное
учреждение «Республиканская
средняя специализированная
музыкальная
школа-интернат для одаренных
детей имени Куляш Байсеитовой»

Министерства культуры и спорта
Республики Казахстан

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ

1.03.2021 ж.

дата

Алматы қ.

ДОЛЖНОСТНАЯ ИНСТРУКЦИЯ

№ 5

г. Алматы


Бекітемін:

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
республикалық мамандандырылған музыкалық
орта мектеп-интернаты» РММ
Директоры

Абдрашев Б.Т.

2021 ж. « 1 » 03

ӘДІСКЕР

Әзірлеген:			
Директордың оқу жөніндегі орынбасары		Мусрепова М.С.	26.02.2021
Келісілген:			
Басшылықтың менеджмент сапасы жөніндегі өкілі		Мусрепова М.С.	26.02.2021
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрайымы		Кошкарбаева А.Р.	26.02.2021
Кадр бөлімінің инспекторы		Касенова Р.С.	26.02.2021
Заңгер		Болсамбеков Н.А.	26.02.2021
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

МАЗМҰНЫ

1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2.	БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ.....	3
3.	ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІ	4
4.	ҚҰҚЫҚТАРЫ.....	5
5.	ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	5
	ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ	6
	ТАНЫСУ ПАРАҒЫ.....	7

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы лауазымық нұсқаулық ҚР Еңбек Кодексінің талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 Бұйрығымен бекітілген, ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі №169 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен, Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының негізінде әзірленді.

2. Осы лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» Республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мектеп) әдіскерінің қызметтік міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін айқындайды.

3. Әдіскер педагогикалық жұмыскерлер санатына жатады.

4. Әдіскер Мектеп директорының бұйрығымен лауазымына тағайындалады және босатылады.

5. Әдіскер өз жұмысында төмендегілерді басшылыққа алады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілері мәртебесі бар нормативтік құжаттаманы, мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған үлгілік оқу жоспарларын, жоғары тұрған органдардың бұйрықтары мен нұсқаулықтарын;

2) Мектеп қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды;

3) Осы лауазымдық нұсқаулықты.

2. БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

1. Әдіскер лауазымына тиісті бейін бойынша жоғары педагогикалық біліму және білім беру ұйымдарында кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар адам тағайындалады.

2. Әдіскер төмендегілерді білуге міндетті:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын;

2) Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін;

3) Бала құқығы туралы Конвенцияны;

4) Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Бала құқықтары туралы» Заңдарын;

5) білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерді;

6) оқу пәнінің мазмұнын, оқу-тәрбие процессін, оқыту және бағалау әдістемесін;

7) педагогика мен психологияны;

8) пәнді оқыту әдістемесін, тәрбие жұмысын, оқыту құралдарын және олардың дидактикалық мүмкіндіктерін;

9) музыкалық білім берудің және педагогикалық ғылымның негізгі бағыттары мен даму перспективаларын;

Лауазымдық нұсқаулық	Әдіскер
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	7-нан 3 бет

10) оқу кабинеттері мен қосалқы үй-жайлардың жабдықталуына қойылатын талаптарды;

11) құқық және еңбекті ұйымдастыру, экономика негіздерін;

12) қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын, санитариялық ережелер мен нормаларды.

3. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕР

1. Әдіскер білім беру процесіне ұйымдастырушылық-әдістемелік қолдауды қамтамасыз етеді, оған талдау жасайды және тиімділігін бағалайды, инновациялық педагогикалық тәжірибені қорытуды және таратуды іске асырады. Педагогикалық кадрлардың шығармашылық өсуіне және олардың кәсіби түрде өзінің қабілетін іске асыруына ықпал етеді.

2. Мектептің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысының жағдайын талдайды және оның тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлейді.

3. Әдістемелік және ақпараттық материалдарды әзірлеуге, педагогикалық кадрлардың біліктілігін диагностикалауға, оларды даярлауға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға болжам жасау мен жоспарлауға қатысады.

4. Мұғалімдерге музыкалық білім берудегі оқу бағдарламаларының мазмұнын, оқыту формалары, әдістері мен құралдарын анықтауға, мектептің оқу қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастыруға көмектеседі. Оқу процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді.

5. Оқу-әдістемелік құжаттама мен оқу үдерісіне арналған оқу құралдарын, жабдықтардың типтік тізімдерін, дидактикалық материалдарды әзірлеуді, қарауды және бекітуге дайындауды ұйымдастырады.

6. Эксперименттік жұмыстың нәтижелерін талдайды және қорытындылайды. Музыка бөлімі педагогтары мен жалпы білім беру бөлімінің мұғалімдерінің әдістемелік жұмысын ұйымдастырады және үйлестіреді, оларға тиісті қызмет бағыттары бойынша кеңестер мен практикалық көмек көрсетеді.

7. Балаларға кәсіби музыкалық білім берудің отандық және әлемдік тәжірибесі туралы ақпарат жинақтайды және таратады, мұғалімдердің инновациялық, тиімді тәжірибесін тарату бойынша шаралар жүргізеді.

8. Конкурстар, олимпиадалар, шеберлік сабақтар өткізу үшін қажетті құжаттаманы ұйымдастырады және әзірлейді.

9. Мамандандырылған музыка мектебін дамытудың басым бағыттарын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін бағдарламалық және әдістемелік өнімдерді шығаруға дайындайды. Әр түрлі типтегі оқу-әдістемелік өнімдерді және олардың қосымшаларын әзірлейді, қарастырады және бекітуге дайындайды. Әдістемелік, анықтамалық, ақпараттық-талдамалық материалдарды жинайды, жинақтайды және жүйелейді.

10. Музыкалық білім беру бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге, оларға сараптама жүргізуге, қолданыстағы білім беру жоспарларына түзетулер енгізіп, жаңа оқу-бағдарламалық құжаттарды әзірлеуге қатысады.

Лауазымдық нұсқаулық	Әдіскер	
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»		7-нан 4 бет

11. Мектептің педагогикалық және басқа кеңестерінің қызметіне, сонымен қатар семинарларға, конференцияларға, кәсіби қоғамдастықтарға қатысады.

12. Консультациялық қызметті ұйымдастырады: педагогтардың шығармашылық өсуіне және олардың кәсіби деңгейде өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал етеді. Педагогикалық жетістіктерді насихаттайды.

13. Ашық сабақтар өткізу мен оларды талқылауды ұйымдастырады.

14. Еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтайды.

4. ҚҰҚЫҚТАРЫ

1. Әдіскердің мынадай құқықтары бар:

1) кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;
2) өзінің кәсіби қызметіне қатысты басшылық шешімдерінің жобаларымен танысуға;

3) кәсіби қызметіне баға берілген шағымдармен және басқа да құжаттармен танысуға, оларға түсіндірме беруге;

4) Мектептің әдістемелік және оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру бойынша басшылықтың қарауына ұсыныстар енгізуге;

5) Мектеп директоры алдында өзінің құқықтары мен міндеттерін орындауға қолдау көрсету туралы өтініш жасауға;

6) комиссиялардың құрамына кіруге және Мектептің әдістемелік, оқу-тәрбие қызметі мен ішкі тәртіптеме қағидаларын орындауға байланысты мәселелерді шешу бойынша олардың жұмысына қатысуға;

7) өз құзыреті шегінде Мектеп мүдделерінің өкілі болуға және оны жүзеге асыруға;

2. Әдіскердің Қазақстан Республикасының Конституциясында, Еңбек Кодексінде, ҚР «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдарында, мектеп Жарғысында, Ұжымдық шартта, Ішкі еңбек тәртіптемесі қағидаларында көзделген құқықтары бар.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

1. Әдіскер Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінде белгіленген шекте келесі жағдайда тәртіптік жауапты болады:

1) өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін;

2) өзіне берілген құқықтарды теріс пайдаланғаны үшін;

3) жоспарлы тапсырмаларды орындамағаны үшін;

4) мектептің ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, еңбек тәртібі мен субординация сақтамағаны үшін;

5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамаларда белгіленген шекте өз қызметін жүзеге асыру барысында жасалған құқық бұзушылықтар үшін.

2. Тәртіптік, материалдық және қылмыстық жауапкершілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалады.

Лауазымдық нұсқаулық	Әдіскер	
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»		7-нан 5 бет

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Лауазымдық нұсқаулық	Әдіскер
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	7-нан 6 бет